


## «Қоғамдық құқықтық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы

23.02.2024 жылы Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж студенттері арасында «Қоғамдық құқықтық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас практикумы өткізілді.

Бұл іс-шараның мақсаты студенттердің саяси-құқықтық білімін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын, қолданыстағы заңнаманы сақтау қажеттілігін нақты түсінуін қалыптастыру болды.



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық хабар

2024 жылғы 13 наурызда М.Жұмабаев атындағы жоғары колледж студенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық хабар өткізілді. Іс-шара 1-2 курс студенттері үшін өткізіледі; материалдың мазмұны студенттерді құқықтық тәрбиелеуге, құқық, Қазақстан Республикасының заңнамасы саласындағы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Іс-шараның мақсаттары мен міндеттері:

1. Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласындағы құқықтық құзыретін қамтамасыз ету.
2. Сыни ойлауды дамыту, білім алушылардың ой-өрісін, сыбайлас жемқорлықты еңсеру мәселелерінде белсенді азаматтық ұстанымды білдіру және қорғау қабілетін кеңейту.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, сыбайлас жемқорлық көріністерінің әртүрлі нысандарына төзбеушілікті қалыптастыру.

